

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Алматы қ.

2013 жылдың 05 ақпаны

2012 жыл қорытындылары бойынша KASE нарығының статистикасы

Қазақстан Қор биржасындағы (KASE) сауданың жиынтық көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 6,7 %-ға төмендеп, 27,5 трлн теңгені (\$184,4 млрд) құрады. Оның себебі көбіне шетелдік валюта секторы (мұндағы көлем 1,2 трлн теңгеге немесе 8,0 %-ға азайған) және репо операциялар секторындағы (мұндағы көлем 960 млрд теңгеге мөлшеріне азайған немесе - 7,8 %-ға төмендеген) көрсеткіштердің төмендеуімен байланысты. Дегенмен, бағалы қағаздардың биржа нарығы едәуір белсендене түсті.

Нарықтың секторларына қатысты толық ақпарат төменде берілген.

Шетел валюталары

Шетел валюталарының нарығындағы бағам ауытқуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен едәуір белсенділікті қажет етпегендіктен, біраз тыныш жағдай есебінен осы нарық 2012 жылы аз көлемді берді. Мұндағы сауда көлемі 14,3 трлн теңге баламасынан (оның 65 % спот-нарық, ал 35 % валюталық своп үлесіне тиесілі) сәл-ақ көп мөлшерді құрады. Бұл ретте осы көрсеткіш 2011 жылы 15,6 трлн теңгеге (70% спот, 30% свопқа тиесілі) жеткен болатын. KASE-те валюта саудалайтын банктердің саны 2012 жылы бір банкке азайып, 31 банкті құрады.

Репо операциялары

Репо операциялар нарығының екі ірі қатысушысы болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорлары (ЖЗҚ) мен екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) белсенділігінің төмендеуі осы нарыққа теріс ықпал етті. Олардың екеуі де реттеушілік факторлардың, негізінен пруденциялық реттеуге енгізілген өзгерістердің әсерінен нарықтың осы секторындағы өз қатысу көлемін төмендетті. 2011 жылы осы нарықтағы сауданың ең жоғарғы көлемі 1,4 трлн теңгеге жеткен болатын, ал 2012 жылы сәйкесінше көрсеткіш 1,2 трлн теңгеден аса алмады. Repo нарығының айналым құрылымы есепті жылда айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Бұрынғысынша айналымның ең ауқымды көлемі – оның 99,5 % мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) жасалатын автоматты репо операцияларының үлесіне тиесілі. Дегенмен, беймемлекеттік бағалы қағаздармен (МЕҚБ) жасалатын репо үлесі (14,3 %-ға) едәуір артқанын атап өту қажет.

Репо операциялары жасалатын заттардың саны 2011 жылдағы 30 заттан 2012 жылы 34-ке дейін артты.

Мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ)

2012 жылы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында айтарлықтай өзгерістер орын алды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығаратын МБҚ көлемі нарықтың осы секторы құрылғалы бері ең жоғарғы мөлшеріне - 1,1 трлн теңгеге жетті. 2011 жылмен салыстырғанда осы көрсеткіш 58 %-ға өсті. Алдын ала мәліметтерге сәйкес республикалық бюджеттің шығындары 2012 жылы 14 %-ға өскен, осы ретте қазынаға түсетін кіріс тек 7 %-ға артқан. Осы тепе-теңсіздіктің себебінен 2012 жылға арналған республикалық бюджетке жылдың соңында

түзетулер енгізілді. Осы түзетулерге сәйкес бюджет түсімдеріне қатысты болжам 382 млрд теңгеге төмендетіліп, бюджет тапшылығы 203,3 млрд теңгеге артты.

Қаржы министрлігінің МБҚ-ның бастапқы нарығындағы белсенділігі жағдайында Ұлттық Банк 2012 жылы осы нарықтардағы орналастырылымдарға брокерлік компаниялардың қатысуына тыйым салды, бұл МБҚ нарығына кері ықпал етті. Сонымен қатар, ЖЗҚ-н пруденциялық реттеу бойынша енгізілген өзгерістер де мемлекеттік облигацияларға қатысты инвесторлардың қызығушылығын арттыра қоймады. Осының нәтижесінде биржадағы МБҚ қайталама нарығындағы көлемі есепті жылда 50 % құрап, 230 млрд теңгеден асып кете алмады, бұл 2001 жылдағы деңгейге сәйкес келеді.

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың жиынтық құны бір жыл ішінде 18,8 %-ға артып, 3,1 трлн теңгеге (\$20,6 млрд) жетті.

Беймемлекеттік бағалы қағаздар (ББҚ)

Акцияларды саудалаудың көлемі 28,4 %-ға артып, 204,6 млрд теңгені құрады. Көлемнің осылайша артуы көбіне инвесторлардың "Қазақтелеком" АҚ қарапайым акцияларымен алыпсатарлық жұмыс жасауының нәтижесінде, бір мәртелік ірі мәмілелердің, сондай-ақ, "ҚазТрансОйл" АҚ мен "Кселл" АҚ IPO-сының тікелей ықпал етуімен орын алды.

Корпоративтік облигациялардың нарығы 6,4 %-дық өсімді көрсетті, бұл негізінен биржаның листингтік компаниялар облигацияларының биржадан тысқары орналастырылуына тыйым салудың нәтижесінде орын алды.

ББҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 2012 жылы 64 млрд теңгеге артып, 518 млрд теңгені құрады.

2012 жылдың соңына қарай KASE тізімінде 125 эмитенттің шығарған 333 бағалы қағаз атауы (акциялардың 101 шығарылымы, облигациялардың 231 шығарылымы және инвестициялық қордың бір бағалы қағазының шығарылымы) болды. 2011 жылмен салыстырғанда мұндағы құралдардың саны 7,8 %-ға, ал эмитенттер саны 20,2 %-ға артқан.

Бір жыл ішінде акциялар нарығының капиталдануы 17,7 %-ға төмендеп, 35,6 млрд АҚШ долларын (немесе 5,4 трлн теңгені) құрады. Жылдың соңында корпоративтік облигациялар бойынша сәйкесінше көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 21,4 %-ға төмендеп, 31,5 млрд АҚШ долларын (4,7 трлн теңгені) құрады.

KASE нарығындағы негізгі индикаторлардың бет алысы

KASE Индексі 12,3 %-ға төмендеді. Мұның себебі жаһандық нарықтардағы тұрақсыздықтың жалғасуы кезіндегі жағымсыз нарық жағдайы, сондай-ақ, Қазақстанның банк секторындағы нақты мәселелер, «Қазақтелеком» АҚ қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемінен кейінгі акция бағамының күрт төмендеуі, өкілдікті тізімдегі акциялардың бар-жоғы жеті атауы болған KASE Индексіндегі бағалы қағаздардың шағын тізімі болып табылады.

"Eurasian Natural Resources Corporation" АҚ (-52,6 %) қарапайым акциялары, "Қазақтелеком" АҚ қарапайым акциялары (-32,9 %) және "Қазкоммерцбанк" АҚ қарапайым акциялары (-31,6 %) біздің нарықта бағасы құлағандардың көшін бастап отыр. Осыған ENRC акционерлік қоғамының белгілі бір қиындықтарды бастан өткеріп отырғаны ықпал еткен болуы керек. Өткен жылдың екінші жартысында шикізатқа қойылған біршама қолайсыз баға жағдайында бұл осы компания акцияларының тартымдылығына кері әсерін берді.

Жоғарыда айтылып өткендей, "Қазателеком" АҚ акциялар бағасының төмендеуі әдеттегіден тыс дивидендті төлеуіне байланысты орын алып, осыдан кейін акция бағамы екі есеге құлады. Өз кезегінде "Қазкоммерцбанк" АҚ қарыз қоржынының өсімі тұрғысынан, сондай-ақ, қызметі тоқтатылған қарыздар (қарыз қоржынының шамамен 35 %н құрайды, еліміздің негізгі үш коммерциялық банктері арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш) тұрғысынан қиындықтары

жалғасқандықтан, бұл банктің пайдалылығына тікелей әсер етіп, сәйкесінше оның акциялар бағасына ықпал етпей қоймады.

Биржада саудаланатын корпоративтік облигациялардың орташаланған кірістілігін көрсететін KASE_BY индекс мәні 2012 жылы 15,12 жылдық пайыздан 13,42 %-ға азайды. Дәл осы уақыт ішінде банктер арасындағы үш айлық несиелердің құнын көрсететін KazPrime индикаторы 2,00 жылдық пайыздан 4,00 %-ға өсіп, ал аса қысқа мерзімге берілетін несиелердің TWINA және TONIA индикаторлары, сәйкесінше, 1,10 жылдық пайыздан 2,70 %-ға және 0,94 жылдық пайыздан 1,55 %-ға артты.